

2025 жылғы II тоқсандағы Қазақстан Республикасының білім беру саласында көрсетілген қызметтер көлемі туралы

Жариялау күні: 29.08.2025

Келесі жариялау күні: 28.11.2025

1. Негізгі ойлар
2. Жоғары білімнің негізгі көрсеткіштерінің динамикасы
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Қатысты басылымдарға сілтемелер
6. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі ойлар

2025 жылғы II тоқсанда Қазақстан Республикасындағы білім беру ұйымдарымен қызметтің негізгі түрі бойынша көрсетілген қызметтердің көлемі 1953217,9 млн.теңгені құрады, оның ішінде 87,4% бюджет есебінен, 10,7% - халықтан түскен қаражат есебінен, 1,9% - кәсіпорындар қаражаты есебінен орындалды.

Қызметтің негізгі түрі бойынша қызметтердің ең үлкен көлемі негізгі және жалпы орта білім саласында қалыптасты, олардың көлемі 1143327,9 млн. теңге немесе қызметтердің жалпы көлемінен 58,5%, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында 271485,2 млн. теңге (13,9%), жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласында 203505,9 млн. теңге (10,4%) құрады.

Қызметтің негізгі түрі бойынша қызметтердің ең аз көлемін мәдениет аясында білім беру саласында 12 719,1 млн. теңге сомасында, көлік құралдарының жүргізушілерін дайындау мектептерінің қызметі көрсететін ұйымдар 1183,2 млн. теңге сомасында және орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдар 67,8 млн. теңге сомасында қызмет көрсетті.

2025 жылғы II тоқсанның қорытындысы бойынша қызметтің негізгі түрі бойынша көрсетілген қызметтер көлемінің 79,7% мемлекеттік меншік ұйымдары, 19,7% жеке меншік ұйымдары және 0,6% шетелдік меншік ұйымдары ұсынды.

Есепті кезеңде қызметтің негізгі түрі бойынша шағын кәсіпорындар ұсынған көрсетілген қызметтер көлемі 903796,6 млн. теңгені (46,3%), орта кәсіпорындар – 758303,1 млн. теңгені (38,8%) және ірі кәсіпорындар – 291118,2 млн. теңгені (14,9%) құрады.

Интернет желісі арқылы ұсынылатын білім беру ұйымдары көрсеткен қызметтердің көлемі 20605,1 млн.теңгені құрады.

Электронды кестелер

[2025 жылғы II тоқсандағы Қазақстан Республикасының білім беру саласында көрсетілген қызметтер көлемі туралы](#)


2. Динамика

Білім беру саласында көрсетілген қызметтердің көлемі

| | 2024 жылғы II тоқсан | 2024 жылғы III тоқсан | 2024 жылғы IV тоқсан | 2025 жылғы I тоқсан | 2025 жылғы II тоқсан |
|--|-------------------------|--------------------------|-------------------------|------------------------|-------------------------|
| Қызмет негізгі түрі бойынша көрсетілген қызметтер, барлығы | 1 728 828 926 | 1 266 485 586 | 1 787 860 637 | 1 514 200 764 | 1 953 217 920 |
| Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтер | 259 073 397 | 212 856 435 | 247 327 095 | 233 909 676 | 271 485 155 |
| Бастауыш білім беру саласындағы қызметтер | 191 448 085 | 16 635 445 | 33 271 687 | 29 080 422 | 28 531 821 |
| Негізгі және жалпы орта білім беру саласындағы қызметтер | 831 337 701 | 692 129 340 | 932 265 818 | 850 838 646 | 1 143 327 852 |
| Техникалық және кәсіптік орта білім беру саласындағы қызметтер | 119 590 184 | 85 165 430 | 133 747 396 | 111 660 730 | 137 029 195 |
| Орта білімнен кейінгі білім беру қызметтері | 4 947 | 3 401 | 108 036 | 61 091 | 67 821 |
| Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы қызметтер | 179 979 574 | 122 302 665 | 266 826 666 | 158 870 233 | 203 505 898 |
| Спорттық білім беру және бос уақытты ұйымдастыратын мамандарды оқыту саласындағы қызметтер | 44 139 138 | 39 581 496 | 44 635 393 | 40 575 844 | 50 622 123 |
| Мәдениет аясында білім беру саласындағы қызметтер | 26 560 008 | 16 701 210 | 21 887 261 | 20 949 322 | 30 035 159 |
| Жүргізушілерді дайындау мектептерінің қызметтері | 779 071 | 762 445 | 768 008 | 819 278 | 1 183 226 |
| басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де білім беру саласындағы қызметтер | 41 742 178 | 64 169 358 | 62 441 101 | 84 542 706 | 74 710 563 |
| Қосалқы білім беру қызметтері | 9 027 859 | 11 747 463 | 17 906 618 | 22 480 571 | 12 719 108 |

Қызметтің негізгі түрі бойынша көрсетілген қызметтер көлемі (ЭҚТӨЖ* бөлінісінде)

пайызбен



*ЭҚТӨЖ - Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуіші .

3. Глоссарий

Көрсетілген қызмет көлемі – кәсіпорындардан, ұйымдардан және (немесе) тікелей халықтан (үй шаруашылықтарынан) оларға көрсетілген қызметтер үшін төлеміне түскен қаржы көлеміндегі білім беру ұйымдары көрсеткен қызметтердің құны болып табылады және ол өз кезегінде алынған немесе алынуға тиіс табыс ретінде мекемелердің өткізу құны бойынша бағаланатын ұйымның табысы ретінде бағаланады.

Қызмет көрсету – адамның немесе тұтастай қоғамның қандай да бір қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызмет.

Қызметтің негізгі түрі - қосылған құны шаруашылық субъектісі жүзеге асыратын кез келген басқа қызмет түрінің қосылған құнынан асатын қызмет түрі.

Қызметтің қосалқы түрі - үшінші тұлғалар үшін өнімдерді (тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді) өндіру мақсатында жүзеге асырылатын, негізгіден басқа қызмет түрі.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Жарияланымда меншіктің, ведомстволық тиістілік пен мөлшерліліктің барлық нысанындағы қызметтің негізгі түрі білім беру саласындағы ұйымдардың, білім беру саласында қызмет көрсететін кәсіпорындардың статистикалық деректері ұсынылды.

Интернет арқылы ұсынылатын қызметтер – бастауыш, негізгі және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім деңгейлері бойынша оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету, білім беру ұйымының сайты әзірлеу және жүргізу, оқушылардың оқытушылармен және бір-бірімен интерактивті өзара іс-қимыл нысандарымен қамтамасыз ету, сондай-ақ Интернет қолдану негізінде оқу үдерісіне әкімшілік ету бойынша қызметтер.

5. Өзара байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[Өндіріс әдісімен есептелген жалпы ішкі өнім \(2025 жылғы қаңтар-наурыз \(жедел деректер бойынша\)\)](#)

6. Пайдалы сілтемелер

[«Талдау» ақпараттық-аналитикалық жүйесі](#)

| | | | |
|--|---|---|--|
| Басылым үшін жауапты: Халық статистикасы департаменті | Департамент директоры: Н. Ханжігітов Тел. +7 7172 749061 | Орындаушы: Рахимова Ж.Б. Тел. +7 7172 749801 E-mail: zh.rakhimova@aspire.gov.kz | Мекен-жайы: 010000, г.Астана пр. Мәңгілік ел, 8 Министрліктер үйі, 4 подъезд |
|--|---|---|--|